

Ақтоғай ауданы Разумовка ауылдық округінің елді мекендеріндегі кейбір көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Ақтоғай ауданы Разумовка ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 23 қарашадағы № 1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 7 желтоқсанда № 6144 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес, Разумовка ауылдық округі тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2017 жылғы 25 қазандағы облыстық ономастика комиссияның қорытындысы негізінде, Разумовка ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтоғай ауданы Разумовка ауылдық округінің елді мекендерінің келесі көшелері:
 - 1) Андриановка ауылы бойынша:
 - "Комсомольская" көшесі "Достық" көшесі;
 - "Школьная" көшесі "Мектеп" көшесі;
 - "Невская" көшесі "Мереке" көшесі болып қайта аталсын.
 - 2) Разумовка ауылы бойынша:
 - "Мира" көшесі "Береке" көшесі болып қайта аталсын.
 - 3) Барлыбай ауылы бойынша:
 - "Ленина" көшесі "Орталық" көшесі;
 - "Комсомольская" көшесі "Жас Ұлан" көшесі;
 - "Ленинградская" көшесі "Достық" көшесі;
 - "Школьная" көшесі "Мектеп" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Разумовка ауылдық
округінің әкімі*

О. Абельдинова